

VI МОДУЛЬ

ӘКІМШІЛІК

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР

ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ

3-сабақ

Сот актісін түсіндіру



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

сот актісі
түсіндіру
тоқтата тұру
қарастыру
жеке мүлкі
заң нормасы

қаулы шығару
әкімшілік кодексі
материалдық залал
жол жүрісі қағидалары
әкімшілік жауапкершілікке тарту



2. Қажетті сөздерді жазыңыз.

нормасы

шығару

актісі

залал

жауапкершілікке тарту

жүрісі қағидалары

мүлкі

кодексі

қаулы

сот

әкімшілік

жол жүрісі

заң

қаулы

әкімшілік

жеке

материалдық



3. Оқыңыз.

Сот сіздерге қысқаша қабылданған шешімді түсіндіреді. Шешім, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің талаптарына сәуіес қабылданады.

Әкімшілік кодекстің 610-бабы 1-бөлігінің талабы бойынша, әкімшілік жауапкершілік, тек ғана жол жүрісі қағидаларын бұзу нәтижесінде материалдық залал келтірілген жағдайда қарастырылған.



4. Мәтін бойынша сәуіекстендіріңіз.

қысқаша қабылданған

әкімшілік

жол

материалдық

келтірілген

жүрісі

құқықбұзушылық

залал

шешім

жағдайда



5. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Сотта жол оқиғасына қатысушыларының ешқайсына келтірілмегені анықталды, _____ М. Әлкенов. Яғни, үшінші _____, бұл жағдайда _____ басқа адам болғанда оған сот _____ нәтижесінде залал кетірген, келтірілмегенін анықтайды. _____ қорытындысына сәй жәбірленуші А. Кемеңгеров жол көлік оқиғасы нәтижесінде қене жарақаттарын алмаған және _____, яғни материалдық залал _____.



6. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Сотта жол оқиғасына қатысушылардың ешқайсына материалдық залал келтірілмегені _____.

анықталды

жіберілді

хабарланды

Сот медициналық сараптамасының қорытындысына сәй жәбірленуші А. Кемеңгеров жол көлік оқиғасы нәтижесінде қене жарақаттарын алмаған және жеке мүлкі _____.

анықталмаған

тәркіленбеген

бүлінбеген

Материалдық залал _____.

анықталмаған

келтірмеген

бүлінбеген



7. Тыңдаңыз, жазыңыз.

әкімшілік _____

материалдық _____

сот _____

жеке _____

заң _____

қаулы _____

жол жүрісі _____

әкімшілік _____



8. Оқыңыз.

Әкімшілік кодекстің 62-бабы 1-бөлігіне сәйкес, тұлға — әкімшілік құқықбұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өтіп кетсе, әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды.

Алайда, осы заң нормасының талабын полиция қызметкерлері сақтамай, Әлкеновке қатысты материалды сотқа 2 ай мерзімі өтіп кеткеннен кейін ұсынған. Осы заңбұзушылық бойынша сот, полиция қызметкерлеріне қатысты, олардың басшыларының атына жеке қаулы шығарылып жолданады.

Аталғандарды тұжырымдай келе, сот, Әлкеновке қатысты әкімшілік істі, оның әрекетінде әкімшілік құқықбұзушылық құрамы болмауына әкімшілік істі тоқтату туралы қаулы шығарды.



9. Қажетті сөздерді жазыңыз.

тартылуға / екі аў

Әкімшілік кодекстің 62-бабы
1-бөлігіне сәйкес, тұлға — әкімшілік
құқықбұзушылық жасалған күннен
бастап _____ өтіп кетсе,
әкімшілік жауапкершілікке
_____ жатпайды.

талабын / ұсынған

Заң нормасының
_____ полиция
қызметкерлері сақтамай,
Әлкеновке қатысты материалды
сотқа 2 аў мерзімі өтіп кеткеннен
кейін _____.

Заңбұзушылық / жолданады

_____ боынша сот, полиция
қызметкерлеріне қатысты,
олардың басшыларының атына
жеке қаулы шығарылып
_____.

шығарды / құқықбұзушылық

Әлкеновке қатысты әкімшілік
істі, оның әрекетінде әкімшілік
_____ құрамы болмауына байланысты
тоқтату туралы қаулы
_____.



10. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Полиция қызметкерлері + не

Басшыларының аты +

Іс материалдары +

Сот қызметкерлері +

Сот мамандары +

Сот актілері +

Әкімшілік кодексі +



11. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

әкімшілік
заң нормасының
полиция
басшыларының
қаулы
62-бабы 1-бөлігіне
2 аў
әкімшілік
байланысты

сәйкес
мерзімі
тоқтату туралы
құқықбұзушылық
кодекстің
талабын
атына
шығарды
қызметкерлері

СОТ АКТІСІН ТҮСІНДІРУ

Сот сіздерге қысқаша қабылданған шешімді түсіндіреді. Шешім, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің талаптарына сәйкес қабылданады.

Әкімшілік кодекстің 610-бабы 1-бөлігінің талабы бойынша, әкімшілік жауапкершілік, тек қана жол жүрісі қағидаларын бұзуы нәтижесінде материалдық залал келтірілген жағдайда қарастырылған. Сотта жол оқиғасына қатысушылардың ешқайсына материалдық залал келтірілмегені анықталды, көліктің иесі М.Әлкенов. Яғни, үшінші тұлғаның қатысы жоқ, бұл жағдайда көліктің иесі басқа адам болғанда оған сот жол көлік оқиғасы нәтижесінде залал келтірген, келтірілмегенін анықтайды. Сот медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес жәбірленуші А. Кемеңгеров жол көлік оқиғасы нәтижесінде дене жарақаттарын алмаған және жеке мүлкі бүлінбеген, яғни материалдық залал келтірілмеген.

Әкімшілік кодекстің 62-бабы 1-бөлігіне сәйкес, тұлға әкімшілік құқықбұзушылық жасалған күннен бастап екі ай өтіп кетсе, әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды.

Алайда, осы заң нормасының талабын полиция қызметкерлері сақтамай, Әлкеновке қатысты материалды сотқа 2 ай мерзімі өтіп кеткеннен кейін ұсынған. Осы заңбұзушылық бойынша сот, полиция қызметкерлеріне қатысты, олардың басшыларының атына жеке қаулы шығарылып жолданады.

Аталғандарды тұжырымдай келе, сот Әлкеновке қатысты әкімшілік істі, оның әрекетінде әкімшілік құқықбұзушылық құрамы болмауына байланысты тоқтату туралы қаулы шығарды.

Сіздерге шешім түсінікті ме?

Қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі түсінікті ме?

Сот отырысы жабық деп жарияланады.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ БОҒЫНША РЕГЛАМЕНТ

Судья: Сот отырысы ашық деп жарияланады.

Сот отырысында, Кәрімов Асан Бағдатовқа қатысты әкімшілік құқық-
бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі-
ӘҚБмҚРК) 610 бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік ісі қаралады.

Судья: Сот отырысы бейне және аудиоға жазылады.

Судья: Хатшы, сот отырысына кімдер келді?

Хатшы: Сот отырысында оған қатысты хаттама толтырылған тұлға Кәрімов,
жәбірленуші Әбдіқалыков және полиция қызметкері
Мақажанов келді.

Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс қаралады, құрамында судья
А.С.Жидебаева, прокурор Маясаров және хатшылықта Смағұлованың
қатысуымен қаралады.

Судья: Сот құрамына қарсылықтарыңыз бар ма?
Сот, сіздерге ӘҚБмҚРК-нің 744, 745-баптарында
қарастырылған құқықтарыңызды түсіндіреді.
Құқықтарыңыз түсінікті ме?
Сот отырысына қояр-талап, өтініштеріңіз, тілектеріңіз бар ма?
Сот отырысын бастаймыз.
Кәрімовқа: Сізге хаттама түсінікті ме?
Хаттама бойынша не айтасыз, кінәңізді мойындайсыз ба?
Жәбірленушіге: - Сіз хаттамада көрсетілген жағдайды растайсыз ба? Қосарыңыз
бар ма?

Полиция қызметкері Мақажановқа: - Сіз хаттамада көрсетілген жағдайды
растайсыз ба? Сотқа қосарыңыз бар ма?

Прокурор, сотқа қатысушыларға сұрақтарыңыз бар ма?

Сот іс бойынша материалдарды зерделеуге көшеді.

Прокурор, іс бойынша пікір айтуға дайынсыз ба?

Сот сіздерге қабылданған шешімді қысқаша түсіндіреді.

Сіздерге қабылданған шешім түсінікті ме?

Сұрақтарыңыз бар ма?

Қаулыға шағым келтіру тәртібі мен мерзімі түсінікті ме?

Қаулы үш жұмыс күнінде дайын болады.

Сот отырысы жабық деп жарияланады.